

«Бекітемін»:
«№265 мектеп
директоры: Жусупов .Н
2022-2023 оқу жылы



«Балбөбек»шағын орталығы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Балбөбек» ортаңғы тобы**

**Тәрбиешілер: Қолғанат.А
Куанбаева. К
Ертай.Р**

Топ: «Балбөбек» Ортаңғы топ
Балалардың жасы 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (қыркүйек)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүру. Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);
	Сөйлеуді дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, қ-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.

Көркемәдебиет	Балалардыңересектерменжәнеқұрдастарымен қарым-қатынасжасауынажағдайжасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақтағырып та әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуге, әтінішін, ырзашылығын білдірудесіпайысөйлеуәдебін сақтауға, құрдастарыне сіміментолық, дұрыс атауға баулу
Қазақ тілі	ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді естесіп сақтауға үйрету
Математика негіздері	«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп кәрсету, қоршаған ортадан бірнеше бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.
Қоршаған орта мен таным	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретіндесетінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, әзіс-әрекеттерінің бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойындатуындағы мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балалардың отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынастары туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.
Құрастыру	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;
Сурет салу	Кәлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (кәлденең мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше кәлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысудағыдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, кәлденең мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеудегідыларын
Жапсыру	дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;
Музыка	Музыканы эмоционалды кәңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен

		таныстыру.Музыканыңбасталуымен аяқталуынасәйкесқимылдардыорындау,қимылдарды өз бетіншебастаужәнеаяқтау.
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Денешынықтыру	Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен кәлбеу тәрізді (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тәрізді шапалақтау; қолдарын алдынан емесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды кәтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді-антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерді ойнағанда мінез-күлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру
	Қазақ тілі	Артикуляциялық және дыбыстық апаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен емесе көрнекіліксіз өзін айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ә, қ, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
	Математика негіздері	Шама бойынша заттардың әртүрлі болатынын туралы түсінік беру. ұзындығымен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;
	Қоршаған орта мен таныстыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.
	Құрастыру	бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және кәлдене орналастыру тәсілдерін пайдалану

Суретсалу	Суретсалу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суғашайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру
Жапсыру	бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алуда ғдысын қалыптастыру
Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Денешынықтыру	Жүгіру. Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі біртапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша кәрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу
	Сөйлеуді дамыту	Балаларға тұсау кесудестерімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақайтқызу, сөздік қорларын
	Көркем әдебиет	тақпақтарды, әлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету
	Қазақ тілі	Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.
	Математика негіздері	биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету
	Қоршаған орта мен таныстыру	Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым желер мен таныстыру.
	Құрастыру	ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.

Мүсіндеу	бірнешебөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеудегі қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.
Жапсыру	желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау
Музыка	Музыкалық ойыншықтармен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Денешынықтыру	Домалату, лақтыру, қағыпалу. Заттардың оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен кәлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі - 1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағыпалу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.
	Көркем әдебиет	кейіпкерге, оқиғаларға әзінің көзқарасын білдіруге баулу
	Қазақ тілі	Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, тәрттіліктің атауларын айту және түсінуде ғдыларын қалыптастыру.
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, ауласыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Құрастыру	көп түсті құрылымқұрастыру
Суретсалу	Қазақою-эрнектерiнiңқарапайымэлементтерiнқайталап салуға баулу. Құмғатаяқшалармен,асфальтқабормен,эзбетiншеойдансуретсалуғамүмкiндiкберу.
Мүсiндеу	табиғи материалдан мүсiндеудағдыларынбекiту
Жапсыру	ересектердаярлағанiрi жәнебарыншаұсақэлементтердi орналастыруменжелiмдей бiлуге үйрету
Музыка	Түрлi сипаттағыэндердiңмазмұнымен кәңiлкүйiн қабылдай бiлудi қалыптастыру; әннiңмазмұнынтүсiну.Би қимылдарынорындаусапасынжақсарту:кезек-кезекекi аяқпенжәне бiр аяқпенсекiру.Заттарменжәнезаттарсызмузыкалықшығарманыңқарқыныменсипатына сәйкес бiр-бiрден, жұппен ырғақтықимылдарорындау. Музыкалықшығармаларменертегi кейiпкерлерiнiң қимылдарынмәнерлiжәнеэмоционалды жеткiзудағдыларын дамыту:аю қорбандапжүредi,қоянсекiредi,құстарұшады.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Денешынықтыру	Еңбектеу, әрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), кәлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен әрмелеу, гимнастикалық қабырғаға әрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).
	Сөйлеуді дамыту	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, әзойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерге жанашырлық танытуға; шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға үйрету
	Қазақ тілі	Баланың сөздік қорындамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.
	Математика негіздері	геометриялық пішіндерді тану және есептеу дағдыларын қалыптастыру
	Қоршаған орта мен таныстыру	Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
	Құрастыру	үлгі бойынша құрастыру

Суретсалу	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) суретсалудың дәстүрлі еместәсілдерін қолдану;
------------------	---

	2) қарындаш, қылқалам, бояу, гуашьты пайдалану; 3) негізгі түстер мен олардың реңктерін пайдалану; 4) таяқпен құмға, бормен асфальтқа суретсалу; 5) ойлау бойынша дербес суретсалу.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру
Жапсыру	желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу дағдысын қалыптастыру
Музыка	Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды естесіп сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету Әнайту дағдыларында мытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Денешынықтыру	Секіру. Тұрған орнында қосаяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
	Көркем әдебиет	суреттер бойынша танысшығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту
	Қазақ тілі	Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).
	Математика негіздері	Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.
	Қоршаған орта мен тануыстыру	Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйі мен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы қаретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезіміне ояту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.
Ақпан	Құрастыру	қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге

	түрлендіру
Суретсалу	Сюжеттік суретсалу, ойлауы бойынша суретсалу
Мүсіндеу	Әшекей заттарды мүсіндеуде дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту.
Жапсыру	жаймадағы дайын пішіндерге жағу желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру
Музыка	Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Денешынықтыру	Сапқа тұру, қайтасапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі эзорнынтабуға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауысырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету
	Қазақ тілі	Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін естесектеп, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	өзінетікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Өзінің
	Қоршаған орта мен таныстыру	Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көл-өзендер мен жергілікті өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.
	Құрастыру	құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру;
	Сурет салу	жануарлардың суретін салудағыдыларын жетілдіру
	Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу.
	Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру:

	1) ересектер дайындаған ірі және әтеуісәкіе элементтерін орналастыру және жапсыру; 2) шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ әрнектерін жапсыру; 3) пішінін, түсі мен көлемін, ескеріп отырып, заттармен олардың орналастыру; 4) геометриялық элементтерден әрнек құрастыруға үйрету.
Музыка	Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыканы оқыта беру. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың білейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарының ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Денешынықтыру	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Әрмелеу, еңбектеуде ағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.
Сәуір	Сөйлеуді дамыту	Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;
	Көркем әдебиет	Сурет бойынша әңгімелей алу ағдысын қалыптастыру
	Қазақ тілі	Ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
	Математика негіздері	Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін таңу және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн
	Қоршаған	Ұй жануарлары мен олардың тәлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы

ортаментан ыстыру	жануарларжайлытүсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышынмекендеушілерді бақылаудағдыларын қалыптастыру
Құрастыру	қағаздан құрастыру.Қағаз беттерін кәлемді пішіндергеәзгертугеұйрету.
Суретсалу	салынған пішіндерінбояуды(штрихтау,мақталытаяқшаларыменбояу); дәстүрден тыссуретсалуды(құмдасаусақпеннемесетаяқшамен,алақандарымен,асфальттатүрлі-түсті борлармен)салуды.
Мүсіндеу	үсіндеудің түрлі әдістерін қолданып,1-3 бөліктердентұратынтүрлі заттарды мүсіндеу(аққала,поезд, шарбақ,моншақ,сырға
Жапсыру	қағаздың мүмкіндіктері туралытүсініктерді жетілдіру:жыртылады,мыжылады, оңаймыжылады.
Музыка	Аспаптың сүйемелдеуіне,ересектердің дауысынаілесеотырып,оларменбірге ән айту,әнді бірге бастап, біргеаяқтау. Музыкаменжүруменжүгірудіырғақтыорындау,шеңбербойыменбірініңартынанбірі жүружәне шашырап жүругеұйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Денешынықтыру	Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, оларды нағзадағыр әлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгіністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бөліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимыл-ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелерімен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулар ментаныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.
	Сөйлеуді дамыту	қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениеті мен таныстыру;

	қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.
Қазақ тілі	Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен әздігінен қайталап айтуға баулу.
Көркем әдебиет	Ертегі кейіпкерлерінің образына кіріп ойнаудың дыларын қалыптастыру
Математика негіздері	ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру
Қоршаған орта мен таныстыру	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. . Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырау құлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолғашықпау) ойына алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттар мен ойындарда қауіпсіз әрекет етудің дыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
Құрастыру	құрылыс материалдарынан құрастыру
Сурет салу	бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақою-әрнектерінің қос элементін салу.
Мүсіндеу	қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету
Жапсыру	Сюжеттік жапсыру. Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету.
Музыка	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуы мен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып

	ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
--	--